

О.Ж. Ошанова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: oryntay73@gmail.com

КИБЕРҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ

Қазіргі таңда технология мен интернеттің дамуы қауіпсіздіктің дәстүрлі қағидаларын өзгертіп, бұл мәселеге жаңаша көзқараста қарап, нақты кешенді шаралар қабылдау керектігін алға тартып отыр. Бұл бағыттағы ең өзекті мәселе балалардың құқығын қорғауға тікелей байланысты, яғни нақтырақ айтсақ, жас ұрпақты интернетке тәуелділіктен арылту және киберкеңістіктен келетін қауіп-қатерден оларды қорғаудың заңдық тетіктерін іске қосу.

Осы зерттеудің мақсаты – киберкеңістіктегі балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша жан-жақты зерттеу жүргізу және мектеп оқушыларына, оның ішінде жасөспірімдерге баса назар аудару, өйткені статистикалық мәліметтер көрсеткендей, балалар ұялы телефондар мен әлеуметтік медианы осы кезеңде белсенді қолдана бастайды.

Бұл мақалада қазіргі кезде елімізде өзекті болып отырған интернет кеңістігін құқықтық тұрғыдан реттеу мәселесінің маңыздылығы сипатталады. Оның ішінде ғаламтордың балалар үшін зиянды қауіп-қатерінің күннен-күнге артып келе жатқандығы туралы сөз болады. Бұл сұрақ біздің еліміздің ғана емес, барлық әлемнің құқық қорғаушылары мен БАҚ өкілдерін толғандырып отыр. Мұның себептері де салмақты, біріншіден, бұл ақпараттық қорғаныс және жас ұрпақтың қауіпсіздігі, екіншіден, оқушылардың құқықтарын қорғау мәселелерімен тығыз байланыста қарастырылады. Бұл зерттеудің құндылығын танытады.

Мақалада тақырыпқа орай статистикалық мәліметтерді және қажетті деректерді жинастыру, оларды талдау, саралау, салыстыру, сонымен қатар инфографиялық әдіс-тәсілдер сияқты зерттеу әдіснамасы қолданылған.

Автор еліміздегі балалардың киберқауіпсіздігі және олардың құқықтық сауаттылығы мәселесін алға тарта отырып, бұл бағытта мемлекет пен қоғам тарапынан заңдық реттеу шараларын қолға алу қажеттігін көрсетеді. Мақала авторы осы бағыттағы шетелдік реттеу шараларын жан-жақты талдай келіп, сонымен қатар олардың озық тәжірибелерін сараптайды. Бұны зерттеудің негізгі нәтижелері ретінде қарастыруға болады.

Түйін сөздер: киберқауіпсіздік, әлеуметтік медиа, құқықтық реттеу, балалар құқығы, құқықтық сауаттылық, кибербуллинг.

O.Zh. Oshanova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: oryntay73@gmail.com

Cybersecurity and protection of children's rights

Currently, the development of technology and Internet is changing the traditional principles of security, requires a new approach to this issue and the adoption of specific comprehensive measures. The most pressing issue in this direction is related to the protection of children's rights, that is, in particular, with the release of the young generation from Internet addiction and the launch of legal mechanisms to protect them from cyberspace threats.

The goal of the research is to conduct a comprehensive study of the problems of protecting children's rights in cyberspace and pay special attention to schoolchildren, including adolescents; since statistics show that children begin to actively use mobile phones and social networks during this period.

The article describes the importance of the problem of legal regulation of Internet space, including the fact that the negative impact of Internet for children is growing day by day.

This issue concerns human rights defenders and media representatives not only of our country, but also of the whole world. The reasons are also weighty, firstly, it concerns the information protection and security of the young generation, and secondly, it is the protection of the rights of students. The author especially draws attention to such topics as cyberbullying, inciting hatred on the Internet, encroachment on the honor and dignity of students.

The article uses methods of collecting statistical data and necessary facts, their analysis, ranking, comparison, as well as infographic.

The author, putting forward the issue of cybersecurity of children and their legal literacy in the country, points to the need for legal regulation measures on the part of the state and society. The author of the article comprehensively analyzes foreign regulatory measures in this direction, as well as their best practices. This can be considered as the main results of the study.

Keywords: cyber security, social media, legal regulation, children's rights, legal literacy, cyberbullying.

О.Ж. Ошанова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
e-mail: oryntay73@gmail.com

Кибербезопасность и защита прав детей

В настоящее время развитие технологий и Интернета меняет традиционные принципы безопасности, требует нового подхода к этому вопросу и принятия конкретных комплексных мер. Наиболее актуальный вопрос в этом направлении напрямую связан с необходимостью снижения уровня интернет-аддикции у подростков и запуском правовых механизмов защиты детей от угроз киберпространства.

Цель настоящего исследования – провести комплексное исследование проблем защиты прав детей в киберпространстве и уделить особое внимание школьникам, в том числе подросткам, поскольку статистические данные показывают, что дети начинают активно использовать мобильные телефоны и социальные сети именно в этот период.

В данной статье описывается важность решения проблемы правового регулирования интернет-пространства, так как специалисты все чаще отмечают негативное влияние интернета на детей.

Этот вопрос волнует правозащитников и представителей СМИ не только нашей страны, но и всего мира. Причины весомые, во-первых, это касается информационной защиты и безопасности подрастающего поколения, во-вторых, это защита прав учащихся. Особенно автор обращает внимание на такие темы как киберзапугивание, разжигание ненависти в интернете, посягательство на честь и достоинство ребенка.

В статье использованы методы сбора статистических данных и необходимых фактов, их анализа, ранжирования, сравнения, а также инфографические методы.

Автор, выдвигая вопрос кибербезопасности детей и их правовой грамотности в стране, указывает на необходимость принятия мер правового регулирования со стороны государства и общества. В статье анализируются передовой опыт и методы регулирования зарубежных стран в данном направлении. Это можно рассматривать в качестве основных результатов исследования.

Ключевые слова: кибербезопасность, социальные сети, правовое регулирование, права детей, правовая грамотность, киберзапугивание.

Кіріспе

Қазіргі таңда елімізде шешімін табуы қажет тақырыптардың бірі – киберқауіпсіздік мәселесі, бұл тікелей интернет кеңістігін құқықтық тұрғыдан реттеу дегенді білдіреді. Интернеттен келер қауіп-қатердің тек ересектер үшін ғана емес, әсіресе, жас ұрпақ үшін зиянды салдары өте ауқымды болып отыр. Бұл сұрақ біздің елдің арнайы сала мамандарын ғана емес, барлық әлемнің құқық қорғаушылары мен медиа өкілдерін, әсіресе, ата аналарды қатты ойландырып отыр. Мұның себептері мен салдары да салмақты, біріншіден, бұл – ақпараттық және киберқауіпсіздік мәселесі, екіншіден, бұл ел болашағы – балалардың жеке бас құқығын сақтау және қорғау мәселелерімен тығыз байланыста қарастырылатындығында

болып тұр. Осыған орай біз, өз әлеуметтік медианы қолдану барысында балалардың құқығын қалай қорғау керек, оқушылар өз құқығын біле ме, қазіргі таңда интернеттен келер қауіп қандай және бұл бағытта елімізде әлеуметтік және заңдық тұрғыдан қандай кешенді жұмыстар атқарылып жатыр деген мәселе жайлы зерттеу жүргізіп, нақты ұсыныстар айтуды мақсат еттік.

Тақырыпты тандауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері. Әлеуметтік желілерді қолданушылар саны жылдан жылға артып келеді. Соңғы 11 жылда 55%-дан 86%-ға өскен (Bozzola E, Spina G, Ruggiero M, Vecchio D, Carusi C, Bozzola M, 2015). Ал олардың жас мөлшеріне келсек, мысалы бір ғана Италияда Фейсбукты жалпы қолданушылар саны 30 млн болса, солардың 60% 25 пен 55 жас аралығында (Bozzola E, Staiano A.M., Spina G, Zamperini N.,

Marino F., Corsello G., 2021). Ал қалған 40 пайызын 25 жасқа дейінгі жастар құрайды, оның ішінде балалар да бар.

Әлеуметтік медиа күн сайын тауарлар мен қызметтерді ұсыну бағытындағы ұстанымдарын күшейте түсуде. Ықпалды әлеуметтік медиа сонымен қатар қоғамдық денсаулықты алға жылжытудың тартымды алаңы болып табылады және оларды денсаулық сақтау ұйымдарымен бірлесе қолдану біртіндеп қанат жаюда (Kostygina G, Tran H, Binns S, Szczypka G, Emery S, Vallone D, 2020).

Шетелдік ғалымдар әлеуметтік желілердің балаларды қорқытып– үркітудің ошағына айналып отырғаны туралы да зерттеулер жүргізуде (Evangelio C., Gonzalez S., 2021). Мәселен, зерттеушілерге мектеп жасында кибершабуылға ұшыраған оқушылар депрессия немесе мазасыздық сияқты жағымсыз сезімдерді бастан кешкендері туралы хабарлаған. Олар көбінесе жеке басты қорлау сценарийлерімен тікелей байланысты (кибершабуыл, киберқорқыту немесе киберқұрбандық). Әр түрлі компьютердік бағдарламалар оқушылардың кибершабуылға ұшырауына ерте жастан ықпал ететіндігін көрсеткен, бұл балалар ұялы телефондар мен әлеуметтік медианы қолдана бастаған кезден оның алдын-алу өте маңызды екенін айғақтайды.

Европа ғалымдары жалпы электрондық медианың, оның ішінде ұялы телефон да бар, балалардың және жасөспірімдердің физиологиялық тұрғыдан өсуіне нақтырақ айтсақ, олардың ұйықтау процесіне ықпалы қандай деген тақырыпта ауқымды зерттеулер жүргізген (Lund L., Solvhoj N.I., Danielsen D., Andersen S., 2021). Назар аударарлық мәселе, электрондық медиа мен ұйқы процесінің арасындағы байланыс 0–5 жастағы сәбилерге карағанда 6–15 жас аралығындағы балалармен өте тығыз деңгейде болады және электрондық құралдарды пайдалану олардың ұйқысын қысқартып, беймаза күйге түсіреді екен.

Ғаламтордағы түрлі сайттар мен әлеуметтік желілер балаларға түрлі теріс мазмұндағы видеоөнімдерді пайдалануға мүмкіндік береді, оның ішінде порнография да бар. Порнографиялық материалдарды тұтыну, сондай-ақ материалдардың осы түріне байланысты проблемалар жылдар бойы артып келеді, әсіресе жасөспірімдер арасында. Қазіргі уақытта порнографиялық контенттің тағы бір түрі кең таралған, ол – балалар порнографиясы. Әлеуметтік медиа бұл мазмұндағы мате-

риалдарды таратуға қаншалықты ықпал етеді? Бұл мәселені анықтау үшін зерттеушілер, 2020 жылы, Twitter-ден алынған балалар порнографиясын тұтыну туралы мәліметтер негізінде сауалнама ұйымдастырып, бірқатар талдаулар жүргізген, содан кейін Twitter-дің осы мазмұнды таратуға және тұтынуға айтарлықтай деңгейде әсер ететінін анықтаған (Raphael Reis Coelho Jonice de Oliveira, 2021).

Бұл мәселе біздің елімізде де орын алып отыр, мысалы өткен жылы Алматы қаласы Алатау ауданының прокуратурасы TikTok әлеуметтік желісіндегі мониторинг барысында 7-10 жастағы кәмелетке толмаған қыздардың ересек ер адаммен хат алмасу дерегін анықтаған. Осының нәтижесінде 27 жастағы Ақтөбе облысының тұрғыны ұсталды. Ол балаларға ақша ұсынып, ата-аналарына бұл туралы айтпауды сұраған, ал жалаңаш суреттерін шетелдік әлеуметтік желілерде жариялап отырған.

Елімізде мұндай қылмыстың жазасы ауыр, мәселен, күдікті бұл әрекеті үшін ҚР Қылмыстық кодекстің 312-бабының 3-бөлігінің 2-тармағына сәйкес, яғни «Кәмелетке толмағандардың порнографиялық суреттері бар материалдарды дайындау және тарату» бойынша 10 жылдан 15 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін (А.Берекет, 2022) Бұл деректен ата-аналардың өз балаларының әлеуметтік желілерде не істейтінін мұқият қадағалау керектігін көрсетеді.

Елімізде 2020 жылы порнографияны, қатыгездік пен суицидке табынуды насихаттайтын 731-ге жуық құқыққа қарсы материалды жою бойынша шаралар қабылданды, порнография, суицидті насихаттау бойынша 2068-ден астам материалдарға пайдаланушылардың қолжетімділігі шектелді.

Интернеттегі ең үлкен проблемалардың бірі – өшпенділік тілі, яғни қасақана адамдарды кемсіту. Зерттеулерге сәйкес, Ұлыбританияда интернеттегі өшпенділікті тудыру деректері, жеккөрушілік пандемия басталғаннан бері 20%-ға өскен (Dan Whitehead, 2021).

Қазіргі таңдағы әлеуметтік медиаға қатысты үлкен мәселе, ол – оқушылардың өздерінің бос уақытының көп бөлігін онлайн чатта отыруға жұмсап, бұл үрдістің жас балалардың оқу сауаттылығына орасан зор зиян келтіріп жатуы. Тағы бір ескеретін жайт, олардың оқу машығы баспаға басылған қағаз үлгісіндегі форматта емес, цифрлық дисплей арқылы қалыптасып жатқанында. Соңғы жылдары онлайн формат-

та тілдесу көлемі әлем бойынша өсіп кеткен (Luyten H., 2021).

Бұл айтылған деректер, әлеуметтік медиалардың балалар мен жасөспірімдерге деген теріс ықпалының бар екенін көрсетеді. Ал оларды санамалап берсек, ең бастылары – киберқорқыту, порнография, нәсілшілдік, бейәдеп сөздермен балағаттау, өшпенділік таныту және ең бір маңыздысы, жастарды өз-өздерін қор санауға итермелейтін контенттердің көптеп жариялануы.

Зерттеу әдістері: тақырыпқа орай статистикалық мәліметтерді және қажетті деректерді жинастыру, оларды талдау, саралау, салыстыру, сонымен қатар инфографиялық әдіс-тәсілдерді де қолдану.


Нәтижелері және талқылау. Оқушы өзін мектепте жүргенде қауіпсіз сезінбесе, ол қажетті білімді толық меңгере алмайды және өзінің шығармашылық қабілеттерін жан-жақты аша алмайды. Оқу орнындағы басымдылық саясат – баланың мүддесі мен оның құқығы болуы керек.

Мектеп оқушылары үшін ең маңызды құқықтардың бірі – физикалық немесе психологиялық зорлық-зомбылықтан және өздеріне қатысты агрессиялық қысымға ұшырау жағдайларынан қорғалу құқығы. Жасөспірімдер өздерінің маңайындағы адамдармен үнемі тығыз байланыста болады, міне осындай жағдайда олар өздерін қауіпсіз сезіне ме? Бұл да бүгінгі күндегі ең өзекті мәселелердің бірі (ҚР балалардың жағдайы туралы баяндама, 2020) (1-кесте).




Қазіргі кезде еліміздің мектеп оқушыларының арасында физикалық зорлық-зомбылық түрлерімен қоса, жәбірлеудің

психикалық қысым мен сөзбен кемсіту формалары жоғары деңгейде көрініс тауып отыр (2-кесте).



Балалар үшін ең үлкен қорқыныш – көшедегі ересек балалар және бөгде жандардың тарапынан болатын агрессиялық іс-әрекеттер. Бұл көрсеткіштер балалардың жалғыз жүргенде

сырт жерлерді ықтимал қауіп көзі ретінде қабылдайтынын көрсетеді, яғни олар үйден немесе мектептен тыс жерлерде өздерін қауіпсіз сезіне алмайды.



Жоғарыда көрсетілген кестеден қазіргі ата-аналардың балаларына жасалатын физикалық агрессиядан емес, керісінше оларға мектепте және көшеде ересек балалардың және бөгде адамдар тарапынан жасалатын психологиялық қысымнан және тіл тигізу мен жәбірлеуден қорқатынын көруге болады (3-кесте). Жүргізілген сауалнама білім беру орындарында буллинг (жәбірлеу) мәселесінің бар екендігін көрсетеді және бұл бағытта кешенді жұмыстар жүргізу қажет екендігін алға тартады. Әрине, біз бұл көрсеткіштен физикалық агрессияның да бар екеніне көз жеткіземіз, оның да деңгейі жоғары, дегенмен жәбірлеу іс-әрекеттірмен салыстырғанда айырмашылық 50 пайызды құрайтыны алаңдатады.

Буллингтің (жәбірлеу) бірнеше түрі бар:

1. Ауызша;
2. Физикалық;
3. Кибер;
4. Әлеуметтік.

Жәбірлеудің ауызша түрінде сөзбен қорқыту, мазақ ету, ренжітетін пікірлер айту немесе лақап ат қою сияқты әрекеттер жасалады. Әлеуметтік жәбірлеуде құрдастары оқушыны оқшаулап, оны қатарларына қоспайды, ол туралы жалған әңгімелер таратады, басқаларды онымен араласпауға үгіттейді.

Қазіргі кездегі ең өзекті мәселелердің бірі – әлеуметтік желідегі әлімжеттік (кибербуллинг), бұл заңсыздықтың құрбандары көбіне мектеп оқушылары, әсіресе, жасөспірімдер болып отыр.

Кибербуллинг – адамды интернетте, әлеуметтік желі мен түрлі мессенджерлерде қорқытып, зорлық көрсету. Кибербуллингке кез келген адам тап болуы мүмкін. Бірақ бұл тәсілмен шабуыл жасайтындар, негізінен, кәмелет жасына толмаған мектеп оқушыларын нысанаға алады. Өйткені қорғансыз балалар үрейленгендіктен өзіне қысым жасалып жатқаны туралы ешкімге айтпайды және тағы бір себебі – олар интернетті қолдануға тыйым салады деп қорқады (Бенгина, Гришаева, 2018). Олардың ғаламторды пайдаланушы ретінде нақты құзыреттіліктер мен желідегі белгілі бір қарым-қатынас этикасын сақтау қажеттілігін түсінбеулерінен киберарандату ең заманауи әлеуметтік қауіп көзіне айналып отыр.

Америкалық Cyberbullying Research Center-дің зерттеуіне сүйенсек, сауалнамаға қатысушылардың 45 пайызы кибербуллингтен кейін бойларында өшпенділік туғандарын, жасөспірімдердің 28 пайызы өздерін күйрегендей сезінгендерін, 27 пайызы сөзбен қорлағанда көңіл күйлерінің түскендерін айтқан, ал 30 пайызы кибербуллингтің ешқандай әсер

етпегенін хабарлаған. Ал атап өтерлігі, интернет арандатушылыққа ұшыраған жасөспірімдер, өздерінің қатарластарымен салыстырғанда, екі есе көбірек өз-өздеріне қол жұмсау әрекеттеріне (суицид) барғандарын мойындаған (Cyberbullying Research Center report, 2010).


Кибербуллинг, электрондық арандату, интернеттегі әлеуметтік қатыгездік – бұл қасақана қорлаудың жеке бағыты, агрессивті әрекеттер белгілі бір уақыт ішінде топ немесе жеке тұлғалар тарапынан электронды байланыс формаларын қолдана отырып жүйелі түрде жүзеге асырылып отырады (Smith et.al., 2008).

Кибербуллинг электрондық поштаны, жедел хабарларды, веб-беттерді, блогтарды, форумдарды, чаттарды, MMS және SMS хабарламаларын, онлайн ойындарды және басқа да ақпараттық коммуникациялық технологиялар-

ды пайдалану жүйесін қамтиды (Kowalski et.al., 2011).


Кейбір сарапшылар кибербуллинг тек балалар мен жасөспірімдер арасында мүмкін деп санайды, ал ересектер айналысқанда оны «киберхарассмент» немесе «киберсталкинг» деп атаған жөн (Aftab, 2011).

Әрине, мектеп жасындағы балаларды жәбірлеудің түрлі тәсілдерінен қорғау жұмысы кешенді түрде қолға алынғаны дұрыс, дегенмен бұл жерде мәселенің бірнеше қыры бар. Бір ұшы ең алдымен оқушылардың құқықтық сауаттылығына келіп тіреледі. Осыған орай бірінші кезекте балалар өз құқықтарын қаншалықты дәрежеде біледі деген сауал алға тартылады. Еліміздің мектептерінде жүргізілген сауалнама қорытындысы төмендегідей (4-кесте):



Респонденттердің жасы тұрғысынан-көбінесе 12, 13 және 14 жастағы респонденттер өздерінің білмегендіктерін мәлімдеді.


Ал оқушылар өз құқықтары бұзылған жағдайда балалар кімнің көмегіне жүгінеді деген сұраққа келсек, оның жауабы төмендегідей (5-кесте):



Бұл кестеден оқушылардың көп жағдайда ата-анасы мен туыстарына және сынып жетекшісіне сенім артатынын көруге болады.


Балалар өздерінің құқықтары туралы көбірек білу қажет болса, қандай ақпарат көздеріне жүгінуге дайын? Бұл сұрақтың жауаптары жанама

түрде осы көздерге деген сенім дәрежесін анықтайды. Ең танымал жауап – «мен ата-анамнан, туыстарымнан сұраймын» – 32,4%. Егер біз логикалық топтау әдісін қолданатын болсақ, онда қазіргі заманғы цифрлық БАҚ пен әлеуметтік желілер бірінші орынға шығады – 35,5% (6-кесте).



Ата-аналар балаларының құқығы бұзылған жағдайда мемлекеттік органдар (полиция, қамқоршы-

лық қызметі және т.б.) көмегіне жүгіне ме, осы орайдағы сауалнаманың нәтижесі төмендегідей (7-кесте):



Респонденттердің 92,0% бұрын мұндай қажеттілік туындамағанын атап өткен, 5,0% арнайы өкілдердің өздерінің шағымдарын тыңдағандарын айтса, 2,8 пайызы мемлекеттік құрылым қызметкерлерінің өздерін тыңдамағандарын жеткізген. Алынған деректер негізінде мұндай

жағдайлар қалаларға қарағанда ауылдық жерлерде жиі туындайтыны нақтыланған (15 жауаптың 10-ы), 15 жауаптың 6-ы үш облыста: Алматы, Түркістан және Атырау облыстарында алынған.

Жыл сайын бес миллион бала смартфонның кесірінен көз жұмады. Жаға ұстатарлық стати-

стиканы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы жариялады. Сорақысы сол, олардың басым бөлігі телефон ойынына құмартқан жеткіншектер. Мамандар ойынға телміргендер күннен-күнге артып жатыр деп дабыл қағады.

Смартфондағы түрлі ойындардың зияны туралы еңбектеген баладан, еңкейген қарияға дейін біледі. Осыған қарамастан, зиянын біле тұра баласының тәрбиесіне бей-жай қарайтын ата-аналар көп. Бұл қоғам болып ойласатын мәселе.

Балалардың өз бос уақыттарының көп бөлігін ұялы телефоннан немесе кез келген гаджеттен бас алмай өткізетініне бәріміз куә болып жүрміз. Бұл орайда арнайы мамандар ғана емес, ата-аналар да дабыл қағуда. Технологияның қарыштап дамып әрі жеке өмірімізге ентелей енуіне байланысты бұл үдерісті шектеу қиындық тудырып отыр. Мұның басты себебі, балаларға цифрлық құрылғы қолданба деп айта алмайсыз, олар ең бастысы оның қауіпсіздігі үшін әрі жеке басының дамуы үшін қажет. Алайда сол гаджеттерден төнген қатер мен қауіп деңгейі де жоғары, бұл мәселені де ескермеске болмайды. Енді осы технологияның кері әсер ететін тұстарын анықтап көрсек:

– біріншіден, жалған ақпараттарды тарату мен деректерді бұрмалап берудің көзі;

– екіншіден, жеке деректеріңізді өзге қолданушылар өзіңізге қарсы қолдана алады;

– үшіншіден, балалардың оқшаулану қауіпі, яғни жасөспірім шынайы өмірден алыстап кетеді;

– төртіншіден, онлайн желіде адамның әлеуметтік жауапкершілігі төмендейді, мұның соңы заң бұзушылыққа әкеліп соқтырады;

– бесіншіден, коммуникативті дағдының төмендеуі;

– алтыншыдан, баланың құндылық бағдары өзгереді, шынайы өмірдегі бетпе-бет кездесетін мәселелерді қабылдауы қиынға соғады әрі бейімделе алмайды;

– жетіншіден, тәуелділік қауіпі зор.

Міне, осылайша жас балалар интернетке тәуелді болып қалады. Балалардың интернетте бетпе-бет кездесетін қауіп-қатерлері жылдан-жылға артып келеді және қазіргі жауап беру шаралары жеткіліксіз. Мәселені шешу үшін жан-жақты мемлекеттік стратегиялық жо-спар қажет.

Қазіргі уақытта компьютерлерде, смартфондарда, планшеттерде және басқа мобильді құрылғыларда интернетке қолжетімділік

деңгейі жоғары болғандықтан 12 жасқа дейінгі балалардың барлығы дерлік интернет қолданушылары болып табылады. Жас балалар әлеуметтік желіде көбірек уақыт өткізетіндіктен (бұл covid — 19 пандемиясы басталғаннан бері күшейіп келе жатқан үрдіс), оларға қарсы онлайн қорқыту немесе жәбірлеу, зиянды мазмұндағы ақпараттар және цифрлық тәуелділік сияқты киберқауіптер күшейе түсті.

Елімізде болсын, шетелдерде де бұл мәселеге қатысты халықты, әсіресе, балаларды құлақтандыру шаралары артуда және қорғаныс тәсілдерін қолдану арқылы әрекет ету күшейуде, бірақ бұл жеткіліксіз болып отыр.

Балаларды киберкеңістікте қорғау – бұл біз шұғыл назар аударуды және мақсатты әрекет етуді қажет ететін өзекті мәселе болып қалып отыр.

Егер біз онлайн тәуекелдерді басқару бойынша шұғыл шаралар қабылдасақ, бұл мәселелер тек күшейе түседі. Балалардың киберқауіп-қатерге ұшырау ықтималдығы тез өсуде; пандемия кезінде Интернет күнделікті білім берудің негізгі арналарының біріне айналды, қазіргі кезде оқушылар күнделікті өз мектептерінің онлайн платформаларын пайдаланады. Сонымен қатар, тауарлар ұсынушы интернет көздері немесе бұлтқа негізделген құрылғылар мен желіге қосылған құралдар, соның ішінде ойыншықтар мен роботтар сияқты жаңа технологиялар қауіптің жаңа көздерін туғызуы мүмкін. Бұл материалдар негізінен әрқашан желіде болады және олар балалардың киберқауіптерге, соның ішінде орналасқан жері мен пайдалану үлгілері сияқты жеке деректерді теріс пайдалану ықтималдығын арттырады.

Америкалық психиатр Кимберли Янг 1994 жылы интернетке тәуелділікке арналған сауалнама жүргізген. Зерттеу барысында ол тәуелділіктің бес негізгі түрін анықтады (Ж. Болатбекұлы, 2023). Олар:

1) Киберсексуалды тәуелділік – порно сайттарға деген аса жоғары қызығушылық;

2) Виртуал танысу мен қарым-қатынасқа тәуелділік;

3) Интернетке деген мұқтаждық (зат, курс алуға аса көп, ретсіз ақша жұмсайды, аукциондарға қатысады және құмар ойындар ойнайды);

4) Ақпараттың шамадан тыс көптігі (уеб-серфинг) – интернеттегі шексіз серфинг;

5) Компьютерлік ойындарға деген аса қатты тәуелділік.

Өкінішке қарай, тәуелділікке түскен балалардың саны жылдан-жылға артып келеді. Ал мұнымен күресудің кешенді жоспары болмай отыр.

Қазіргі балалар гаджетке тәуелді, шынайы өмірден виртуалды әлемге көшіп кетті, олар

оқшау тіршілік кешуді әдетке айналдырған деген шағымдарды үлкендерден, әсіресе ата-аналар мен ұстаздардан көп естіміз. Біздің елімізде осыған орай оқушылар арасында сауалнама жүргізілген, бірақ бұл зерттеулер керісінше нәтиже көрсетіп отыр (8-кесте).



Оқушылардың 34,5 пайызы отбасыммен, туыстарыммен, достарыммен араласамын десе, 12,5 пайызы әлеуметтік желіде қарым-қатынас жасаймын, 21,3 пайызы компьютерлік ойындар ойнаймын және фильмдер көремін деп жауап берген. Шынайы өмірдегі адамдармен

тірі қарым-қатынас оқушылар үшін әлі де бос уақытты өткізудің ең көп таралған нұсқасы екенін көрсетеді.

Ата-аналар арасында жүргізілген сауалнама нәтижесі де балалардың жауаптарымен шамалас (9-кесте).



Балалардың киберқауіпсіздігін қамтамасыз ету және олардың құқықтарын қорғау мақсатында елімізде қандай шаралар қолға алынып отыр, енді осы бағытта әңгіме өрбітейік.

ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 21 желтоқсандағы бұйрығымен «Баланы жәбірлеудің (қорқытудың) алдын алу ережелері» бекітілді.

Бұл ережеге сәйкес білім беру ұйымдары баланы жәбірлеудің алдын алу жоспарын бекітеді, білім алушылар мен тәрбиеленушілерге, педагогтарға, баланың заңды өкілдеріне ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу (1 тоқсанда 1 рет) міндеттеледі, бұл мәселе бойынша оқу-тәрбие жұмысымен айналысатын педагогтардың кәсіби құзыреттіліктерін арттыру, білім алушылар мен тәрбиеленушілерге қатысты жәбірлеу (буллинг) белгілері анықталған жағдайда мектеп басшылығы жедел шараларды қолға алулары қажет.

Ведомствоаралық байланысты күшейту мақсатында 2020-2023 жылдарға арналған «Баланың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында суицидтің көбеюі мәселелерін шешу жөніндегі 2020-2023 жылдарға арналған жол картасы» іске асырылуда.

2020 жылы «Байланыс туралы» заңда көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағынан пайдаланушылар үшін 3 772-ден астам материал мен интернет-ресурсқа: порнографияны насихаттау бойынша 2261 материалға, есірткі құралдарының жарнамасы бар 731 материалға, суицидті насихаттау туралы 16 материалға қол жеткізу шектелген, бала құқықтарының бұзылуына байланысты 23 677 мыңнан астам материал жойылған.

ҚР АҚДМ-нің «qogam.gov.kz» ресми сайтында кез келген интернет желісін пайдаланушыға әлеуметтік желідегі топты немесе құқыққа қарсы контент таралатын интернет-ресурсты көрсетуге мүмкіндік беретін «Шағым айту» арнайы қызметі құрылды.

Қорытынды және тұжырымдама. Жоғарыда интернеттен келер қауіп көздерін атап

өттік, ал олардан **қорғанудың жолдарын бүгінгі күні жан-жақты қарастырып**, тезірек қолға алмасақ, болашақта оның салдарымен күресу құны еліміз үшін тым қымбатқа түспек.

Балалардың құқықтық сауаттылығын арттыра отырып, киберқауіпсіздік шараларын кешенді түрде жүргізу тұжырымдамасы жасалуы қажет. Белгілі бір педагогикалық тәсілдер (мысалы, жеке және әлеуметтік жауапкершілік үшін бірлесіп оқыту әрі қажетті білім беру) немесе бағдарламалар, сондай-ақ әртүрлі агенттердің (мысалы, психологтар, мұғалімдер, ата-аналар, құрдастар) бірлескен жұмысы сияқты қорғаныс факторларын қолға алған дұрыс. Алайда, бұл бағытта оқушылардың кибершабуыл туралы сауаттарын ашу, әрі қорғану жолдарын үйрету үшін қосымша зерттеулер мен сапалы ғылыми жобалар қажет.

Интернет қызметін құқықтық тұрғыдан реттеу, әсіресе балаларды оның зиянды ықпалынан қорғау, қазіргі таңдағы ең өзекті әрі шешімін табуы кезек күттірмес мәселелердің бірі болып отыр.

Балалардың интернет қауіпсіздігі мәселесіне келгенде ескерер жайттарды былайша жіктеуге болады: **бірінші кезекте**, елімізде киберқауіпсіздік бағытында арнайы зерттеуші мамандар кешенді зерттеулер жүргізуі керек, **екіншіден**, жүйеленген ақпараттар қорын құру, әрі олардың көпшілікке қолжетімді болғанын қамтамасыз ету, **үшіншіден**, мемлекеттік органдар мен қызмет ұсынушы арнайы орындар бірлесіп, интернет қолданушылардың тұтынушылық және еркін ақпарат алу құқығына және сөз бостандығына қол сұқпау жағын ескере отырып, балаларды зиянды ақпараттардан қорғаудың жүйесін құрастырып шыққандары дұрыс.

Әдебиеттер

- Bozzola E, Spina G, Ruggiero M, Vecchio D, Carusi C, Bozzola M, et al. (2015) Media use during adolescence. Ital J Paediatr. 45:149
- Bozzola E, Staiano A.M., Spina G, Zamperini N., Marino F., Corsello G. (2021) Social media use to improve communication on children and adolescent's health: the role of the Italian Paediatric Society influencers Ital J Paediatr. 47:171, P. 2–9.
- Dawn A. Edick (1998) Regulation of Pornography on the Internet in the United States and the United Kingdom: A Comparative Analysis, 21 B.C. Int'l & Comp.L.Rev.437 <http://lawdigitalcommons.bc.edu/iclr/vol21/iss2/4>.
- Evangelio C., Gonzalez S. (2021) Cyberbullying in elementary and middle school students: A systematic review J Computers and Education Volume 176, November
- Luyten H. (2021) Studies in Educational Evaluation Volume 72, march, 101101
- Kostygina G, Tran H, Binns S, Szczyпка G, Emery S, Vallone D, et al. (2020) Boosting health campaign reach and engagement through use of social media influencers and memes. SM+S. 6:1–12
- Kowalski R.M., Limber S.P. & Agatston P.W. (2011) Cyberbullying: Bullying in the digital age (2nd ed.) Chichester. Wiley-Blackwell
- Lund L., Solvhoj N.I., Danielsen D., Andersen S. (2021) Electronic media use and sleep in children and adolescents in western countries: a systematic review BMS Public Health 21:1598, P. 2–14.

Макарова Е.А. Психологические особенности кибербуллинга как формы интернет-преступления // Российский психологический журнал. – 2016. –Т. 13. – №3. – С. 293-311.

Паламарчук А.В. (2012) Регулирование правоотношений в сети Интернет в зарубежных странах // Вестник Академии Генеральный Прокуратуры РФ – №6 (32). – С. 24-31.

Smith P.K.6 Mahdavi J., Carvalho M., Fisher S., Russel S. & Tippett N. (2008) Cyberbullying: Its nature and impact in secondary school pupils. – Journal of Child and Psychiatry, 49. – 376-385.

Электронды ресурс

2020 жылдағы ҚР балалардың жағдайы туралы баяндама// https://www.gov.kz/uploads/2020/6/18/0826df886699636fbc94a957cd865d4e_original.5624519.pdf

Об утверждении Правил профилактики травли (буллинга) ребенка// <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200031180>

Aftab P. Cyberbullying: An Interview with Parry Aftab. 2011 Режим доступа: <http://etcjournal.com/2011/02/17/7299/>

Бенгина Е.А., Гришаева С.А. Кибербуллинг как новая форма угрозы психологическому здоровью личности подростка. Режим доступа: <https://cyberleninka.ru/article/n/kiberbulling-kak-novaya-forma-ugrozy-psihologicheskomu-zdorovyu-lichnosti-podrostka/viewer>

Баранов А.А. Психологический анализ причин подросткового кибербуллинга [Электронный ресурс]/ Баранов А.А., Рожина С.В. – Режим доступа: <https://cyberleninka.ru-article/n/psihologicheskii-analis-ot-internet-travli.html> (дата обращения: 01.02.2018).

Берекет А. Алматылық ер азамат 7 жастағы қыздардың жалаңаш суретін шетелдік сайтқа жүктеген /Түркістан газеті, 16.11.2022 ж.

Болатбекұлы Ж. Шын әлемдегі виртуал өмір, 2023. [Электрондық ресурс]/ – Қолжетімділік: <https://kazgazeta.kz/news/133911> (мәлімет қаралған күн: 29.03.2023).

Cyberbullying Research Center report, 2010. [Электронный ресурс]/ – Режим доступа: <http://www.Cyberbullying.us> (дата обращения: 01.02.2018).

Сапарқызы Г. Әлеуметтік желідегі әлімжеттік //Astana aqshamy газеті, 11.08.2022 ж. <https://astana-akshamy.kz/aleumettik-zhelidegi-alimzhettik/>

Солдатова Г.В., Зотова Е.Ю. (2011) Зона риска: Российские и европейские школьники: проблемы онлайн – социализации. Результаты исследования «Дети России онлайн». Дети в информационном обществе, 7, 46-55. Режим доступа: http://detionline.com/assets/files/journal/7/12_research_7.pdf.

Назханов Т., Пасечникова Н. Правовая защита малолетних и несовершеннолетних от буллинга – Режим доступа: <https://ntp.kz/articles/pravovaja-zashhita-maloletnih-i-nesovershennoletnih-ot-bullinga/>.

Raphael Reis Coelho Jonice de Oliveira (2021) How Twitter has been used for share pedophilia content in 2020: An empirical study <https://dl.acm.org/doi/abs/10.1145/3470482.3479473>

Cristina Criddle Facebook grilled over mental-health impact on kids (2021) <https://www.bbc.com/news/technology-58753525>
<https://adilet.zan.kz> (105-бап, ҚР Қылмыстық Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V).

References

Bozzola E, Spina G, Ruggiero M, Vecchio D, Carusi C, Bozzola M, et al. (2015) Media use during adolescence. Ital J Paediatr. 45:149, p. 14 –27.

Bozzola E, Staiano A.M., Spina G, Zamperini N., Marino F., Corsello G. (2021) Social media use to improve communication on children and adolescent’s health: the role of the Italian Paediatric Society influencers Ital J Paediatr. 47:171, p. 2 –9.

Dawn A.Edick (1998) Regulation of Pornography on the Internet in the United States and the United Kingdom: A Comparative Analysis, 21 B.C. Int’l & Comp.L.Rev.437 <http://lawdigitalcommons.bc.edu/iclr/vol21/iss2/4>.

Evangelio C., Gonzalez S. (2021) Cyberbullying in elementary and middle school students: A systematic review J Computers and Education Volume 176, November

Luyten H. (2021) Studies in Educational Evaluation Volume 72, march, 101101

Kostygina G, Tran H, Binns S, Szczypka G, Emery S, Vallone D, et al. (2020) Boosting health campaign reach and engagement through use of social media influencers and memes. SM+S. 6:1–12

Kowalski R.M., Limber S.P. & Agatston P.W. (2011) Cyberbullying: Bullying in the digital age (2nd ed.) Chichester. Wiley-Blackwell

Lund L., Solvhoj N.I., Danielsen D., Andersen S. (2021) Electronic media use and sleep in children and adolescents in western countries: a systematic review BMS Public Health 21:1598, P. 2 –14.

Makarova E.A. Psihologicheskie osobennosti kiberbullinga kak formy internet prestuplenie // Rossiski psihologicheski journal. -2016. –Т. 13. – №3. – С. 293-311.

Palamarchuk A.V. Regulovanie pravootnoshenii v seti Internet v zarubezhnyh stranah [Regulation of legal relations on the Internet in foreign countries] // Vestnik Akademii generalnyi prokuratury [Bulletin of the Academy of the Prosecutor General of the Russian Federation], – 2012, – №6 (32), – С. 24-31. [in Russian].

Smith P.K.6 Mahdavi J., Carvalho M., Fisher S., Russel S. & Tippett N. (2008) Cyberbullying: Its nature and impact in secondary school pupils. Journal of Child and Psychiatry, 49, 376-385.

Electronic resources

- 2020 zhyldagy QR balalardyn ;agdaiy turaly baiandama– Available at: https://www.gov.kz/uploads/2020/6/18/0826df886699636f6e94a957cd865d4e_original.5624519.pdf [in Kazakh].
- Ob utberzhdeni pravil profilaktiki travli rebenka. – Available at: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200031180>
- Aftab P. Cyberbullying: An Interview with Parry Aftab. 2011. – Available at: <http://etcjournal.com/2011/02/17/7299/>
- Bengina E.A., Grishaeva S.A. Kiberbulling kak novaia phorma ugrozy psihologicheskomu zdoroviu lichnosti podrostka. – Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/kiberbulling-kak-novaya-forma-ugrozy-psihologicheskomu-zdoroviyu-lichnosti-podrostka/viewer>
- Baranov A.A. Psihologicheski analiz prichin podrostkovogo kiberbullinga. – Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/psihologicheskii-analis-ot-internet-travli.html> (дата обращения: 01.02.2018).
- Bereket A. Almanylyk azamat 7 zhastagy kyzdardyn zhalanash suretin sheteldik saittarga zhuktegen /Turkistan gazetі, 16.11.2022 zh.
- Bolatbekuky Zh. Shyn alemdegi virtual, 2023. – Available at: <https://kazgazeta.kz/news/133911>
- Cyberbullying Research Center report, 2010. – Available at: <http://www.Cyberbullying.us>
- Saparqyzy GF. Aleumettik zhelidegi alimzhettik //Astana aqshamy gazetі, 11.08.2022. – Available at: <https://astana-akshamy.kz/aleumettik-zhelidegi-alimzhettik/>
- Soldatova G.B., Zotova IU. (2011) Zona riska: Rossiskie I ebropeiskie shkolniki: problem onlain-sochializachii. Deti v inphormachionnom obshestve, 7, 46-55. – Available at: http://detionline.com/assets/files/journal/7/12_research_7.pdf.
<https://news.sky.com/story/covid-19-online-hate-speech-has-increased-by-20-in-the-uk-since-start-of-the-pandemic-research-finds-12469034> (2021)
- Raphael Reis Coelho Jonice de Oliveira (2021) How Twitter has been used for share pedophilia content in 2020: An empirical study <https://dl.acm.org/doi/abs/10.1145/3470482.3479473>
- Cristina Criddle Facebook grilled over mental-health impact on kids (2021) <https://www.bbc.com/news/technology-58753525>
<https://adilet.zan.kz> (105-бап, ҚР ҚЫЛМЫСТЫҚ Кодексі 2014 ЖЫЛҒЫ 3 ШІЛДЕДЕГІ № 226-V).